

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А.. Әліб-би. Араб жазуынан көшіріп, түсініктемесін жазып, редакциясын басқарған Ұлықман Асыллов – Алматы: Рауан, 1998.
2. Әбдікәрім Т.М. Мәтін және «Ана тіл» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясы.. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы, 2007, 120 – 127 бб.
3. Әр кезеңде шыққан әліппелер.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ШЫҒЫС ҒҰЛАМАЛАРЫНЫҢ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ОЙЛАРМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

*АТЕМОВА Қ.Т.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, педагогика
ғылымдарының докторы, профессор,
Астана, Қазақстан*

Қазақтың біртуар перзенттері, соның ішінде қазақ зиялылары халқымыздың болашағы үшін күресіп, өмірін арнағаны бәрімізге белгілі. Олардың қай қайсысын алсақ та, ұрпақ тәрбиесін өзінің табиғатына жақын шығыс халықтарының дәстүрімен байланыстырады.

Солардың қатарында қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығының өзіндік орны ерекше. Ахмет Байтұрсынов қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым, ақын, қоғам қайраткері, сондай - ақ, ұстаз, тәлімгер, педагог. Ахмет Байтұрсыновтың ақындық шығармашылығын қоспағанда оның таза тіл білімі ғылымын дамытудағы еңбектерінің өзін педагогикалық құнды мұралары деп қабылдауға болады. Себебі, Ахмет Байтұрсынов зерттеп қалдырған тілдік зерттеулері, өлеңдері мен мысалдарының астары тұнып тұрған тәлімдік ойларға толы.

Қазақ зиялыларының педагогикалық көзқарастарын саралап талдау жасайтын болсақ олардың барлығы дерлік шығыс ғұламаларының еңбектерін оқып, сусындағанын байқауға болады. Олардың бәрі де діни тұрғыдан сауатты, дәстүр мен ұлттық мәдениеттің түп тамырын терең түсінген, оның ұрпақ тәрбиесіндегі мәнін де жетік сезінген тұлғалар болды.

Ахмет Байтұрсынов өзінің шығармашылығында шығыс ғұламаларының мұраларындағы тәлімдік ойларды сабақтастыра отырып, келер ұрпақтың тәрбиесіне құнды ұсыныстар береді.

Ұрпақтарының жарқын болашағын аңсаған ақын олардың өнер- білімге ықыласты болып, ерінбей еңбектенгенін қалады. Өмірінің алғашқы жылдарын бала оқытудан бастаған ақын ол жөнінде өзінің жырларына да қосады:

Адамдық диқаншысы - қырға шықтым,

көлі жоқ, көгалы жоқ - құрға шықтым.

Тұқымын, адамдықтың шаштым, ектім,

көңілін көтеруге бұл халықтың, - деп бейқам жатқан қазақ халқын сауаттандырып, өнер - білімге, мәдениетке жетеледі [1, 2].

Қазақ халқын қараңғылықтан шығарудың бірден-бір жолы ғылым-білімге ұмтылу, оқу-ағарту жұмысымен айналысу деп түсінген А.Байтұрсынов өзінің "Маса" деген еңбегінде халықты өз тағдыры үшін күреске шақырып, жұртшылықты шырт ұйқыдан оятайын, ойландырайын деген мақсат көздейді. Ол:

«Қазақ малыш ұйықтап жатқан,

жыланды пәле дедік аңдып жатқан,

Пәленің түрін көрген мен Сары маса,

Халықты оянсын деп сөзбен шаққан», - деп қазақ халқын өркениетке жетелеу мақсатында өнер-білімді үйренуге шақырады. Мұндай пайымдаулары арқылы ұлы Абай атамыздың

«Жасымда ғылым бар дер ескермедім,

пайдасын көре тұра тексермедім.

Есейгенде түспеді уысыма,

қолымды мезгілінен кеш сермедім», - деп жырлағанындай өсер ұрпаққа ғылым білімді игеруге шақырып, бар байлық пен бақыт білімде деген насихатын жалғастыра түседі [3].

Ал, Абай өсиеттері әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Махмұт Қашқари және т.б. ғұламалар өсиеттерінің жалғасы екендігін біз жақсы білеміз. А.Байтұрсыновтың ақындық көзқарасы мен өлеңдерінің астарынан оның ұлағатты ұсыныстары сонау шығыстың ұлы ғұлама ғалымдары еңбектерінің мазмұнынан бастау алғандығын аңғару қиын емес.

Ұрпақ тәрбиесіндегі қазақ халқының көңіл аударарлық мәселесі сөз өнерін меңгеруі екендігі мәлім. Қашан да қазақ халқы сөзге тоқтаған және сөз қадірін, күшін бағалай білген. Осы тұста Ахмет Байтұрсынов тұлғаны қалыптастыруда оның сөз саптауы мен мағыналы сөйлеуі, анық та түсінікті етіп ойын жеткізуі тұлға қалыптасуындағы маңызды міндеттердің бірі деп санайды. Әдемі де мағыналы сөйлеуді тәрбиеліліктің бір көрінісі ретінде түсінген ақын тіл айқындығы туралы былай дейді: "Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтайын дегенін анық тануы қажет, көмескі танитын нәрсесін көмескі айтады", - деп тіл, сөз адам ойының айнасы екендігін, яғни адамның сөйлеу мәнері мен сөз саптауына қарап оның ойының анық немесе көмескі екендігін білуге болатындығын ескертеді [4, -20 б.]. Ахмет Байтұрсынов тілдің анықтығын толық сипаттау үшін тілдің дәлдігі, тілдің көрнекілігі, бейнелеу және т.б. мәселелерге көңіл бөледі.

Мұндай мағыналы сөйлеу мен шешендік ойлар яғни баланы тәрбиелеуде оның әсем сөйлеуін қалыптастыру мәселелері сонау орта ғасырларда өмір сүрген шығыстың ғұлама ақындары Ж.Баласағұн еңбегінде және Ирандық ақын Кейкаустың "Қабуснама" еңбегінің мазмұнында тамаша айтылады [5, 6]. Нақтылай түсетін болсақ, ақын Ж.Баласағұн ұрпақ тәрбиесінде балаларды дұрыс сөйлей білуге үйретудің маңызды екендігін тәрбиешілерге ұсынған. Сөйтіп, сөзді тауып сөйлеу мен жеткізе сөйлеу әрбір азаматқа жарасар қасиет деп санаған.

"Көп сөйлесең, "Езбесің" - деп жек көрер,

Сөйлемесең, "Мылқау"- екен, деп сөгер!

Бұлай болса, тең ортасы - керегің,

Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің! (170,175-бәйттер) - деп сөз өнерінің мәні орынды сөйлеу екендігін жастарға кеңес берген.

Осы ғасырдың тағы бір туындысы "Қабуснама" кітабының мазмұнында баланың ақылдылығы мен білімділігі оның сөзінен аңғарылатынын Кейкаус тамаша баяндайды. Сондықтан Кейкаус әрбір ата-анаға баласын тәрбиелегенде оған сөйлеу өнерін үйретуді кеңес бере отырып, былай дейді: "Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі - сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың. Сөзді өз орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да, жаман көрінеді. Үгіт - насихатыңды тыңдайтын қарыздар болған жағдайда ғана сөйле. Ықылассыз тыңдаушыға сөз айтқаннан, тыныш отырған мақұл", - деген [7].

Міне, осылайша шығыс ғұламалары ұрпақ тәрбиесінің кемелденуі оның сөз өнерін меңгеруі арқылы айқындалатынын айтып, оны қалыптастыруды ұсынса, А.Байтұрсынов сол сөз өнерін меңгерудің теориясын жасап, оны үйретудің әдістемесін көпшілікке ұсынған ғалым. Осылайша, ұлы ғұламалар өсиеттерін, талаптарын бүгінгі күннің тәжірибесінде жүзеге асыру сабақтастығын орнатқан.

Қазақта қашанда ең үлкен басты байлық денсаулық екені белгілі. «Бірінші байлық денсаулық» деп айта отырып, ата- бабаларымыз ұрпақтың салауаттылығын қамтамасыз етуді қолға алған. Ол үшін ең алдымен ой салауаттылығын, сөз салауаттылығын, жан салауаттылығы мен тән салауаттылығын назарда ұстаған.

Сондықтан, рухани байлыққа қол жеткізудің бірден-бір жолы ғылым-білімді игеру арқылы ғана жүзеге асырылатынын жастарға өсиет етеді. Негізгі ойдың төркінін сонау түркі ғұламаларының мұраларынан алып, қазақтың болашағы үшін пайдаланады. Осы тұста

А.Байтұрсынов пен он бірінші ғасырда өмір сүрген ақын, ғұлама Жүсіп Баласағұн арасындағы ой сабақтастығы анық көрінеді. Онда ақын,

*"Ұл өсіргің келсе дана, жүректі,
қатты ұстап: үйрет білім, ізетті"* (1220 бәйт),

-деп, бала тәрбиесінің жан-жақты үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін оларға білім беру керек деп санайтынын жырында білдіреді. Осылайша ұл - қыз тәрбиесінде ата - анаға өнер, білімнің барлық түрлерін үйретуді кеңес бере отырып, *„Ұлды үйрет күллі өнер – білімге, онымен мал - дүние табар түбінде“* (4505 бәйт), -деп ата-ананың бала тәрбиесіндегі ең асыл мұрасы оның біліммен көзін ашып, оған жақсы тәрбие беру екендігін ескертеді. Мұндай ұсыныстар қоғамның бүгінгі күнінде нағыз сұранысы артып отырғаны белгілі. Ол үшін еңбек керек. Өнер-білім жай өзі қонбайды, ол үшін тынымсыз іздену мен ынта болмақ керек.

Ахмет Байтұрсынов қазақ халқын тынымсыз тіршілікке шақыра отырып, еңбектенуге, әрекетке талпындырып, жағымсыз әдеттерден аулақ болуға үгіттейді. Ол өзінің "Жиған - терген" деген өлеңінде еңбек тәрбиесіне былайша көңіл бөледі:

*Балалық қалып,
Ес біліп анық,
Ер жеткелі жиырма жыл.
Баяғы қалпы,
Баяғы салты,*

Бұл неткен жұрт ұйқышыл!, - деп , балалары ер жетіп жиырмаға келіп қалса да әлі балалық танытып әрекетсіз, еңбек етпей ұйқымен өмірін өткізіп жатқан кейбіреулерді осылайша сынаиды[8]. Олардың мұндай халде болуын ақын көпшілік ортаның, жұрттың ықпалы, көпшіліктің өнегесі, тәрбиенің осалдығы деп түсінеді.

Мұндай проблемаларды шығыстың ұлы ғұламаларының бірі Жүсіп Баласағұн да өз кезінде көтеріп, балалардың еңбекке араласып, бос жүрмеуі ата-анаға байланысты, берген тәрбиесінің жемісі деп айтқан болатын [9].

Оны Ж.Баласағұнның *«Бақ ұлыңды бекерге бос жүрмесін, Бейбастық боп кетер бекер жүргесін»* деген өлең қатарлары дәлелдейді. Ақын өзінің мұндай пайымдаулары арқылы қоғамның бүгінгі күнгі талаптарының сол қоғамда да тәрбиенің өзегі болғандығын көрсетеді.

А.Байтұрсынов орта ғасырдағы ғұламалар көзқарасындағы тәрбиенің басты міндеті дені сау азаматты тәрбиелеу деген көзқарасымен келіседі. Оны өз көзқарасы тұрғысынан дамытып әкетеді. Ақын ұрпақ тәрбиесінде оның денінің сау болуын негізгі міндет етіп қойып, оны қалыптастырудың жолдарын ғылыми тұрғыда көпшілікке түсіндіреді. Ауру астан яғни дұрыс тамақтана білмеуден деп түсінген А.Байтұрсынов өзінің зерттеулерінде "тіс", "асқазанымыз", "тамақ жеу", "қай кезде көп жейміз", "сіңімді ас", "сіңімсіз ас", "асауыңа қарай жасауың", "ас адамның арқауы" деген тақырыптар арқылы бүкіл тамақтану мәдениетін жүйелеп көрсетеді. Бұл бүгінгі салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы өзекті мәселелерді шешуде таптырмайтын кеңестер болып табылады.

Аурудың бәрі астан болғандықтан асты аңдап ішуді ақын кеңес береді. Ақын: "Андап ішу дегеніміз - тамақтың жақсы, жаманын талғап ішуді; дәмділігіне қызығып шамадан тысқары артық ішіп жібермеуді; тамақты баспалатып, әлсін-әлсін ішпеу болып табылады. Тамақты ішетін қалыпты мезгіл болуы керек. Мезгілінде дамылдауға керек. Күнде солай істеген соң тамақты керек те қылмайды. Көп жасаған адамдардың өмірінің тұтынған қалпы осы болған" деп тамақтану мәдениетін сақтаудың ұзақ өмір сүру кепілі болатынын айтады. Осылайша ақын "Тамақ жеу үшін өмір сүруді емес, өмір сүру үшін тамақ жеу" салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі ұраны болуы керектігін ұсынады.

Мұндай пікірлер ақын Ж.Баласағұнның "Құтты білік" дастанында да қарастырылады. Ол өзінің өлеңдерінде тамақ жегенде саусақтың үшеуімен жеуге болатын дәмді ауызға салуды яғни аздан алып жеуді ұсынған еді. Ал егер одан артық бармақтар пайдаланылса онда тым мөлшерінен көп тамақтанамыз дегенді айтады.

Ақын А.Байтұрсыновтың зерттеулерінде осы ұсыныстарды келер ұрпаққа жеткізіп, әрекетсіздік ол жалқаулыққа алып келер дерт, ал жалқаулық кедейшіліктің бастауы екендігін түсіндіреді. Бұл жөніндегі ақын көзарасы:

*Болсын кедей, болсын бай,
Жатыр бейқам, жым-жырт, жай.
Емшегін емін, анаға сенін,
Бала ұйқтайды жастықпен.
Қымызға қанып,
Қызарып жанып.
Бай ұйқтайды мастықпен.
Шалап ішкен кедей мас,*

Мына жұрттың түрі оңбас! - деп ата-бабаларымыз насихаттап келген салауаттылықты, тәннің саулығы, жанның саулығының кепілі болатынын өлеңдері арқылы көпшілікке танытып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келді.

Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдерінің мазмұнында дәл бүгінгі күннің жағдайларына байланысты кездесетін қарым-қатынастар мен мінез-құлықтардың көрінісіне арналған мәселелер көптеп қарастырылады. Өлеңдері арқылы кемел адамды қалыптастыру немесе жас ұрпақты тәрбиелеуде қажетті тұлғалық қасиеттерді саралап, ерекшелеп көрсетіп отырады. Мысалы, "Қарға мен түлкі", "Қасқыр мен қозы", "жас ағаш" және т.б. өлеңдерінде күнделікті тұрмыста кездесіп жүрген қарым-қатынас жарасымдығына нұсқан келетін жайттар айтылып, дұрыс әрекеттерге бағыт-бағдар беріледі.

"Қасқыр мен қозы" өлеңінде басшы мен қызметші, ата-ана мен бала, ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынастар, билікті пайдаланудағы әділетсіздіктер, күштінің әлсізге қысымы, т.б. мәселелер сөз болады. Оны мына өлең жолдары арқылы көруге болады:

*Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын, оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,*

Бәріден артық дейміз оның несі! [3, -56 б.; 2, -283 б.], - деп адамдарды аңдар кейіпі арқылы суреттеп көрсетеді. Мұндай пайымдаулар мен тұжырым жасаулар ұлы ғұлама әл - Фарабидің мемлекет басшыларының құлқы, ел басқаруға лайықты адамдарға тән қасиеттер мен ізгі қала тұрғындары қандай болу керектігі туралы ойларымен үндеседі. Жалпы өлеңнің негізгі идеясы басшылық қызметтегі мамандардың өз қызметіне лайықты еместігі, оның адам ретіндегі дүниетанымы мен кәсіби біліктілігінің де үйлеспейтіндігі орын алып отырғандығы туралы сөз болады. Басшы мен қызметші, үлкен мен кіші, ұстаз бен шәкірт және т.б. арасындағы қарым - қатынас мәдениеті, оның адамды тәрбиелеушілік ықпалға ие болу күші туралы көзқарастар қатар кездеседі. Мұндай ойлар оныншы ғасырда әл-Фарабидің еңбектерінен бастау алған. Ол ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас өзара түсіністікке негізделуі үшін ересектер тарапынан болатын қарым-қатынас стилі тым қатал да, тым жұмсақ та болмауға тиіс, - дейді [10, 11]. Өйткені, егер қарым-қатынас тым қатал болса, онда балалар бойын қорқыныш сезімі билейді, олар ұстазын сол қылығы үшін жек көреді, оған сенбейтін болады. Бірақ қарым-қатынас міндетті болғандықтан, оларда екі жүзділік пайда болады. Егер қарым-қатынас тым жұмсақ болса, онда балалар тарапынан оның ұстаз талабына деген немқұрайдылық пайда болып, оның өзіне деген құрмет төмендейді, - деп талаптың өз мөлшерінде болғанын қажет деп санайды.

Жоғарыдағы шығыс ғұламалары еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік ойларды қазақтың бір туар перзенті Ахмет Байтұрсынов шығармашылығында осылай көрініс тауып, кейінгі ұрпаққа өзінің ғылыми және ақындық шығармалары негізінде сабақтастығын үзбей жеткізе білгендігін көреміз.

Еліміздің тәуелсіздігінің 30 жылдан астам уақыт салтанат құрып, өз мақсаттарын іске асыру жолында жаңғыруы ең алдымен қазақ зиялыларының ел үшін жасаған еңбектері мен қалдырған мұраларын зерделеуді міндеттейді.

Олай болса, ұрпақ тәрбиесінде Ахмет Байтұрсынов салып берген сара жолмен жүру біздің егемендігімізді мәңгілік етер бағытымыз болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Атемова Қ.Т. Ұлы ғұламалар еңбектеріндегі тәлім тәрбие мәселелері мен Ахмет Байтұрсынов көзқарасының сабақтастығы // «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты республикалық ғылыми - теориялық конференция материалдары. - Астана, 2006.- Б.283-288.
2. «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты республикалық ғылыми - теориялық конференция материалдары. - Астана, 2006.-354 б.
3. Құнанбаев А. Қара сөз, поэмалар. /құрастырған К.Серікбаева. - Алматы, "Ел", 1992. - 272 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. - Алматы: Ата мұра, 2003. - 208 б.
5. Баласағұн Жүсіп. Құтадғу білік /баспаға дайындаған Әбжан Құрышжанұлы. - Түркістан: Тұран, 2004. - 555 б.
6. Қабуснама: өсиет сөздер. //Аударған Т.Айнабеков, Жобаның авторы М.Кемел. - Астана: Аударма, 2002. - 176 б.
7. Атемова Қ.Т. Түркі халықтарындағы «Кемел адам» тұлғасын қалыптастыру идеясы. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени инновациялық дамыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектері, -Шымкент, 2010. -Б.-121-125
8. Байтұрсынов А. Жиған-терген. Өлеңдер жинағы. <https://sites.google.com/site/olenym/ahmet-bajt-rsynov/zigan-tergen>
9. Мырзахметов М., Көшербаева А. Баласағұнның «Құтты білік» дастанының мәні //Қазақстан мектебі. – 2004. – № 7. – Б.34-36.
10. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.
11. Кубесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. Көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 2002. - 176 б

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ИДЕЯЛАРЫН ЖАҢАША БАҒЫТТА ЗЕРДЕЛЕУ

*ЖҰМАБЕКОВА Ф.Н.
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор,
Астана, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье представлена необходимость изучения идей национальной интеллигенции в новом направлении гуманизации национальной системы образования. Согласно стремительному развитию современного общества и цивилизации невозможно жить во времена «вчера» и пытаться воспитывать детей по-старому. Бесценным сокровищем нашей нации, как маяка развития образовательного процесса в мировом образовательном пространстве, явилась необходимость придерживаться новых идей, открывающих путь к воспитанию образованного, образованного, разностороннего, конкурентоспособного поколения и подготовка настоящих учителей общества.

Ключевые слова: великие мудрецы, интеллигенция нации, учение о добродетели, учение о народе, учение о силе души, учение о целостном человеке, учение о совести.

XXI ғасыр – ақыл-ойдың, білім мен ғылымның, жоғары технологиялар заманында халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтастай тәрбие берудің сапасын арттыру - білімдер ұрпақ әлеуетінің негізі болмақ.

Ұлттық білім беру жүйесін ізгілендірудің қайнар көзі - ұлы дала даналарының ілімдер жүйесі мен ұлт зиялыларының идеяларын жаңаша бағытта зерделей отырып білім мен тәрбиенің тірегіне айналдыру маңызды мәселе. Білім беру жүйесінің сабақтастығы мен ұстанымдарын дамытуда ұлттық құндылықтарды: рух, тіл, діл, дін, салт-дәстүр, өнерді білім мазмұнының тұғырнамасына, философиялық-әдіснамалық өзегіне айналдырады, ұлттық білімнің әлеуетін жетілдіруге қол жеткізіледі.